

Техникалық сипаттама

(ЛОТ № 24)

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Бағдарламалық қамтамасыз ету	Жеткізілетін бағдарламалық қамтамасыз ету жаңа, лицензиондық болуы және құқық иесінен (Microsoft) түпнұсқалығын растайтын құжатпен қамтамасыз етілуі тиіс. Лицензия Қазақстан Республикасының мемлекеттік мекемелерінде пайдалануға құқық беруі қажет. Бағдарламалық қамтамасыз ету мәтіндік құжаттарды, электрондық кестелерді, презентацияларды және электрондық поштаны құруды, өндеуді және қарауды қамтамасыз етуі тиіс. Лицензияның қолданылу мерзімі — мерзімсіз немесе жазылымдық (тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес). Жеткізілетін пакет келесі компоненттерді қамтуы тиіс (Office Standard / Office Professional немесе Microsoft 365 Apps деңгейінен төмен емес): Microsoft Word, Microsoft Excel, Microsoft PowerPoint, Microsoft Outlook, Microsoft OneNote (қажет болған жағдайда) Microsoft Access, Microsoft Publisher, Microsoft Teams. Файл пішімдерін қолдау: DOC, DOCX, XLS, XLSX, PPT, PPTX, PDF. Құжаттармен бірлесіп жұмыс істеу мүмкіндігі, соның ішінде түсініктемелер қалдыру және өзгерістерді қадағалау. VBA макростарын қолдау. Бұлттық сервистермен (OneDrive, SharePoint) интеграциялау мүмкіндігі. Орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде орфография мен грамматиканы тексеруді қолдау. Құжаттарды құпиясөзбен қорғау мүмкіндігі. PDF пішіміне импорттау/экспорттау функцияларының болуы. Үлкен кестелермен, жиынтық кестелермен және талдау құралдарымен (Power Query, Power Pivot) жұмыс істеуді қолдау. Операциялық жүйелермен үйлесімділігі: Windows 10/11 (64-bit). Мемлекеттік мекеменің жергілікті желісінде дұрыс жұмыс істеуі. Active Directory / Azure AD жүйелерімен интеграциялау (тапсырыс берушіде болған жағдайда). Group Policy, Microsoft Endpoint Manager немесе Office Deployment Tool құралдары арқылы орталықтандырылған түрде орнату мүмкіндігі. POP3, IMAP, SMTP пошта хаттамаларымен үйлесімділігі. Процессор: 2 ядро, 1,6 ГГц және одан жоғары Жедел жад (ОЗУ): кемінде 4 ГБ, Дискідегі бос орын: кемінде 4 ГБ, Экран ажыратымдылығы: 1280×768 бастап Орыс тілі, қазақ тілі, ағылшын тілі. Жеткізілім құрамына лицензиондық кілт / белсендіру аккаунты және орнату жөніндегі нұсқаулық кіруі тиіс. Жеткізуші бағдарламалық қамтамасыз етудің заңдылығын растайтын құжаттарды (түпнұсқалық сертификаты, дистрибьютордың хаты немесе өзге құжат) ұсынуға міндетті. Жеткізу электрондық форматта жүзеге асырылады.	2

	Электрондық поштаны шифрлауды қолдау (S/MIME). Қауіпсіз емес макростардың іске қосылуын болдырмау құралдарының болуы. Microsoft компаниясының қолданыстағы қауіпсіздік стандарттарына сәйкестігі. Құжаттарға қол жеткізу құқықтарын шектеу мүмкіндігі (IRM).	
Барлығы		2

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры

А.Ошибаева

Ғылым департаментінің директоры

Х.Масадиков

Ғылым департаментінің жетекші маманы

Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және жеткізу шарттары

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асырумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының қоймасына дейін жеткізу шартымен көрсетіледі.

Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымша жұмыстар мен қызметтерді жүргізуді талап етсе, тауардың құнына **міндетті түрде барлық қажетті қызметтер**, соның ішінде монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері **енгізілуі тиіс**.

Сәйкестік және тауар сапасы

Жеткізуші жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және оған кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өтуі тиіс. Аталған талаптардың сақталғаны тиісті құжаттармен расталуы қажет. Жеткізілетін тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнында медициналық мақсаттағы бұйымды Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеу туралы тіркеу куәлігінің болуы. Қазақстан Республикасында өндіруші сертификатталған сервистік инженерлері бар сервис орталығының болуы.

Кепілдік міндеттемелер

Жеткізілетін тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 12 (он екі) айды құрауы тиіс. Техникалық қызмет көрсету жұмыстары пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес орындалу қажет.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Аванстық төлемнің мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 100 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Сатып алушы жеткізушіден аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Жеткізу мерзімі

2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін